

**БЕКІТЕМІН:**

Астана қаласы әкімдігінің  
«Әдістемелік орталық»  
МККК басшысының м.а.  
С. Дауешова  
« 2022 ж.

**«Үздік жас кітапханашы» қалалық байқауының  
ЕРЕЖЕСІ**

**I. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1.1. Осы «Үздік жас кітапханашы» қалалық байқауының ережесі (бұдан әрі – Ереже) «Білім туралы» заңының 2007 жылғы 27 шілдедегі бұйрығына, Білім беру ұйымдарының кітапханалар қорын қалыптастыру, пайдалану және сақтау бойынша қағидаларды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 19 қаңтардағы № 44 бұйрығына сәйкес әзірленген.

1.2. Ереже меншік нысандарына және ведомстволық бағыныштылығына қарамастан, Астана қаласының жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – білім беру ұйымдары) кітапханашылары арасында «Үздік жас кітапханашы» қалалық байқауын (бұдан әрі – Конкурс) өткізу тәртібін айқындайды.

1.3. Конкурстың өткізу түрі – офлайн.

**II. КОНКУРСТЫҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

2.1. **Мақсаты:** Білім беру ұйымдарындағы үздік жас кітапханашылардың шығармашылық бастамаларын қолдау және ынталандыру.

2.2. **Міндеттері:**

2.1.1. Кітапханаларда жұмыс істейтін жас мамандарды қолдау;

2.1.2. Кітапханалық қызметтің тәжірибесін қолдау және тарату;

2.1.3. Оқушылардың оқу белсенділігін қалыптастырудағы кітапханалардың рөлін арттыру;

2.1.4. Кітапхана қызметінің ақпараттық сапасын жақсартуға бағытталған жаңа буынның жетілдірілген кітапханасының тұтас бейнесін қалыптастыру;

2.1.5. Шығармашылық идеяларды қолдау, олардың шығармашылық әлеуетін ашу және белсенділіктерін арттыру.

**III. ЕРЕЖЕДЕ ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ҰҒЫМДАР**

3.1. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

3.1.1. Байқау қазылар алқасы – «Үздік жас кітапханашы» қалалық байқауының жеңімпазын анықтау үшін, Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК (бұдан әрі – орталық) бұйрығымен құрылған (бұдан әрі – Қазылар алқасы);

3.1.2. Жұмыс органы – Байқауды өткізуге жауапты ұйым – Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталық» МКҚК, «Баспа және кітапхана ісі» бөлімі;

3.1.3. Байқауға қатысушы – осы Ережеге сәйкес Байқауға қатысуға құжаттарын ұсынған білім беру ұйымының кітапхана қызметкері;

3.1.4. Кітапханалық сабақ – шығармашылық тұрғыдан кітапханашының басшылығымен оқушыларға кітап оқу маңызы туралы мәлімет беру, кітапты пайдалану ережесімен таныстыру, кітап оқуға үйрету, кітап оқуға шақыру сағаты.

3.1.5. Кітап көрме-жәрмеңкесі – белгілі бір мақсатта арнайы іріктеліп, жүйеленіп оқырмандардың оқып танысуы үшін арналған кітаптар тізімін көпшілікке көрсету жиыны.

3.1.6. Марапаттау – диплом, Байқауды жеңіп алған қатысушыға беріледі.

#### **IV. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУ ТАЛАПТАРЫ**

7.1. Байқауда мынадай критерийлерге сай келетін қатысушылар қатыса алады:

7.1.1. Білім беру ұйымдарының штаттағы кітапхана қызметкері;

7.1.2. Байқауға қатысушының еңбек өтілі үш жылдан аспауы тиіс.

#### **V. БАЙҚАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ**

5.1. Байқауды ұйымдастыру және өткізу үшін Байқаудың жұмыс тобы және қазылар алқасы құрылады.

5.2. Жұмыс тобының мүшелері орталық басшысының бұйрығымен бекітіледі.

5.3. Қазылар алқасының мүшелері сайыстың жеңімпаздарын анықтау үшін орталық басшысының бұйрығымен құрылады және бекітіледі. Қазылар алқасының мүшелері әдіскерлер, жоғары оқу орындарының кітапханашылары, кәсіби жарыстардың жеңімпаздары, Астана қаласы Білім басқармасының қызметкерлері, «Астана қаласының білім беру қызметкерлерінің кәсіптік одағы» ҚБ қызметкерлерінен, әдіскерлерден, біліктілікті арттыру институттарының кітапхана қызметкерлерінен, сондай-ақ қоғамдық ұйымдардың өкілдері арасынан құрылады.

5.4. Комиссия мүшелерінің саны жеті адамнан кем болмауы тиіс.

5.5. Жұмыс органы Байқаудың өтуіне он бес күн қалғанда байқаудың өтуі туралы ақпаратты Астана қаласы аумағында таратылатын бұқаралық

ақпарат құралдарында жариялайды, сондай-ақ орталықтың сайтында орналастырылады.

#### **5.6. Жұмыс органы:**

5.6.1. Байқау материалдарының тізбесін айқындайды, оның рәсімделуіне қойылатын талаптарды, бағалау критерийлерін әзірлейді;

5.6.2. Өткізу орны, уақыты, нысаны мен өткізу тәртібін белгілейді.

#### **5.7. Қазылар алқасы:**

5.7.1. Байқаудың I кезеңінің материалдарын қарастырады және Байқаудың екінші кезеңіне қатысу үшін үздік жұмыстарды іріктейді;

5.7.2. Қазылар алқасының көпшілік дауысымен Байқаудың екінші кезеңіне қатысуға ұсыну туралы шешім қабылдайды;

5.7.3. Байқау алқасының шешімі хаттамамен рәсімделеді;

5.7.4. Байқаудың II кезеңін бағалайды және жеңімпаздарды анықтайды;

5.7.5. Шешім Қазылар алқасының көпшілік дауысымен қабылданады;

5.7.6. Қазылар алқасының шешімі хаттамамен рәсімделеді;

5.7.7. Қазылар алқасы жеңімпаздарды марапаттау рәсіміне қатысады.

**5.8.** Қазылар алқасының мүшелері байқаудың тапсырмаларын бағалау критериялды жүйе бойынша тиісті бағалау парақтарына сәйкес жүзеге асырады. Қазылар алқасының әрбір мүшесі бағалау парақтарын алқаның хатшысына тапсырады. Қазылар алқасының шешімі хаттамамен рәсімделеді.

**5.9.** Қазылар алқасының шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағымдануға болады.

**5.10.** Байқаудың екінші кезеңінің қорытындысы Байқау аяқталған соң күнтізбелік он күннен кешіктірілмейтін мерзімде Астана қаласы аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады, сондай-ақ орталықтың интернет-ресурстарында орналастырылады.

**5.11.** Конкурсқа қатысу үшін **2023 жылдың 5 қаңтарына** дейін орталықтың [kitaphana.nursultan@mail.ru](mailto:kitaphana.nursultan@mail.ru) электронды поштасына мынадай құжаттар ұсынады:

5.11.1. Осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес Байқауға қатысу үшін білім беру ұйымдары басшылары куәландырған нысан бойынша өтінім;

5.11.2. Осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес қатысушының кітапханалық видеосабағын ұсыну;

**5.12 Белгіленген мерзімнен кешіктірілген жұмыстар – қабылданбайды.**

Қойылған талаптарды бұза отырып орындалған материалдар қаралмайды. Байқау материалдарына пікір берілмейді және қайтарылмайды.

## VI. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

6.1. Байқау кезеңдері:

Байқау екі кезеңнен тұрады:

I кезең 2023 жылғы 6-11 қаңтар аралығында өтеді. Қазылар алқасы қарастырып, бағалайды:

Ереженің 2-қосымшасына сәйкес қатысушының кітапханалық сабағы. *Кітапханалық сабақтың тақырыбы: «Кітапхана мені шабыттандыратын орта».*

*Кітапханалық сабақта келесі шарттар орындалуы тиіс:*

- 1. «Мен оқыған кітап» видеосымен немесе буктрейлермен сүйемелденуі;*
- 2. «Менің қиялыммен ұштасқан ойлар» тақырыбында кез-келген жазушының жұмысындағы бір абзацқа кері байланыс беру;*
- 3. Оқыған кітапқа кішігірім қойылым көрсету.*

6.2. Қалалық байқаудың I кезеңінен сәтті өткен кітапханашылардың тізімі орталықтың сайтында орналастырылады.

II кезең: Байқаудың бірінші кезеңінен сәтті өткен қатысушылар Ереженің 3-қосымшасына сәйкес 2023 жылдың 17 қаңтардан бастап Үздік кітап көрме-жәрмеңкесін ұйымдастырады.

## VII. БАЙҚАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

7.1. Байқаудың нәтижесі бойынша, Қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды (1,2,3 орын);

7.2. Жеңімпаздар дипломдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

7.3. Байқаудың нәтижелері Байқау аяқталған соң күнтізбелік он күннен кешіктірілмейтін мерзімде орталықтың интернет-ресурстарында орналастырылады.

**«Үздік жас кітапханашы»  
қалалық байқауы ережесінің  
I-қосымшасы**

**«Үздік жас кітапханашы»  
қалалық байқауына қатысуға  
Өтінім**

Мені байқауға қатысуға қабылдауларыңызды сұраймын.  
Өзім туралы келесі мәліметтерді хабарлаймын:

1.	Жұмыс орны	
2.	Т.А.Ә. толық	
3.	Туған жылы, айы, күні	
4.	Лауазымы	
5.	Педагогикалық өтілі	
6.	Лауазымдағы жұмыс өтілі	
7.	Білімі (қандай оқу орны, қандай факультетті қашан бітірді, диплом бойынша мамандығы)	
8.	Мекен-жайы	
9.	Байланыс телефоны (үй, ұялы)	

Өтінім толтырылған күн \_\_\_\_\_

Байқауға қатысушының жеке қолы \_\_\_\_\_

Білім беру ұйымы басшысының қолы \_\_\_\_\_

М.О.

**«Үздік жас кітапханашы»  
қалалық байқауы ережесінің  
2-қосымшасы**

**«Үздік жас кітапханашы»  
Кітапханалық видеосабакты бағалау критерийлері**

<b>№</b>	<b>Критерийлер</b>
1.	Ұсынылған кітапханалық сабақтың (мақсаты, мазмұны, формасы, әдістері, тиімділігі)
2.	Кітапханалық сабақта инновациялық тәсілдері;
3.	Кітапханалық сабақтың ерекшелігі
4.	Жас кітапханашы шығармашылығы
5.	Сабак шарттарының орындалуы
6.	Кітапханалық сабақтың өзара әрекеттесуінің әр түрлі формалары, әдістері, тәсілдері, технологиялары
7.	Иллюстрациялық материалдарды (диаграммалар, графиктер, кестелер) қолданудың дұрыстығы
8.	Материалдарды безендіру мәдениеті
9.	Сабактың нәтижелілігі

*Ескерту: бейне материал MP4 форматында жасалуын ескеру*

**«Үздік жас кітапханашы»  
қалалық байқауы ережесінің  
3-қосымшасы**

**Үздік кітап көрме-жәрмеңке  
бағалау критерийлері**

<b>№</b>	<b>Критерийлер</b>
<b>1</b>	<b>Кітап көрмесін ұйымдастыру:</b> <ul style="list-style-type: none"><li>- мақсат-міндеті;</li><li>- креативтілігі;</li><li>- жаңашылдығы;</li><li>- баспа өнімдері;</li><li>- нәтижелілігі;</li><li>- кітап қорын безендіруге эстетикалық және өзіндік көзқарас;</li><li>- шығармашылығы.</li></ul>
<b>2</b>	<b>Кітап көрме-жәрмеңкесінің құрылымы:</b> <ul style="list-style-type: none"><li>- көрнекілік принциптері;</li><li>- қордың қолжетімділігі;</li><li>- қазіргі заман технологиясын пайдалану (интернет көрме).</li></ul>
<b>3</b>	<b>Кітап көрме-жәрмеңкесінің нәтижелілігі:</b> <ul style="list-style-type: none"><li>- тиімді коэффициенті (көрмеден кітап беру / көрмеге қойылған кітаптар саны * 100);</li><li>- келушілер саны;</li><li>- оқырмандар қызығушылығы;</li></ul>

**«Үздік жас кітапханашы»  
қалалық байқауы ережесінің  
4-қосымшасы**

**Қазылар мүшесінің кітапханалық видеосабакты  
бағалау парағы**

(Әр компонент үшін 1 балл беріледі)

Қатысушының аты-жөні: \_\_\_\_\_

1.	<b>Ұсынылған кітапханалық сабақтың өзектілігі:</b> - мақсат пен міндеттерді негіздеу; - сабақ жоспарының аналитикалық көрінісін ұсыну.	
2.	<b>Кітапханалық сабақтың ғылымилығы:</b> - ғылыми тұжырымдамалардағы идеяны негіздеу; - әдістемелік ұсыныс.	
3.	<b>Кітапханалық сабақтың инновациялық әлеуеті:</b> - инновациялық әдіс-тәсілдер.	
4.	<b>Кітапханалық сабақтың өзіндік ерекшелігі</b>	
5.	<b>Кітапханалық сабақтың өту тәсілдердің әртүрлілігі:</b> - әр түрлі формаларды, әдістерді, тәсілдерді, технологияларды қолдану.	
6.	<b>Көрнекі материалдардың жарамдылығы:</b> - диаграммаларды, графиктерді, кестелерді пайдалану.	
7.	<b>Безендіру мәдениеті</b>	
8.	<b>Сабактың қолайлылығы:</b> - нәтижелерді негіздеу.	
<b>Жалпы балл:</b>		

Қазылар мүшесі:

\_\_\_\_\_ (Аты-жөні)

\_\_\_\_\_ (қолы)

«\_\_» \_\_ 2023 жыл



«Үздік жас кітапханашы»  
қалалық байқауы ережесінің  
5-қосымшасы

Қазылар мүшесінің үздік кітап көрме-жәрменкесінің  
бағалау парағы

(Әр компонент үшін 1 балл беріледі)

Қатысушының аты-жөні: \_\_\_\_\_

1	үздік кітап көрме жәрменке:	<ul style="list-style-type: none"><li>- Көрме түрін анықтау;</li><li>- Безендірудегі айқындылық;</li><li>- мазмұндылық және өзгешілік;</li><li>- креативтілігі;</li><li>- жаңашылдығы;</li><li>- ойын тәсілдерін қолдану;</li><li>- қазіргі заман технологиясын пайдалану (Интернет көрме).</li></ul>	
Жалпы балл:			

Қазылар мүшесі:

\_\_\_\_\_ (Аты-жөні)

\_\_\_\_\_ (қолы)

«\_\_» \_\_ 2023 жыл